


ДАНАБИКЕ  
БАЙҚАДАМОВА

ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ

л 2007

1077к



“ӨЛКЕ”  
ВАСПАСЫ

Мен білетін Әуезов







ДАНАБИКЕ БАЙҚАДАМОВА

# Мен білетін Әуезов

*Естеліктер*

АЛМАТЫ  
өлке  
БАСПАСЫ  
  
2006

ББК 84 (5Қаз)  
Б19

Қазақстан Республикасының Мәдениет және  
ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шығарылды

**Байқадамова Д.**  
Б19 **Мен білетін Өуезов.** – Алматы: “Өлке”, 2006 – 192 бет.

ISBN 9965-742-77-4

Данабике Байқадамованың естеліктерінен алып  
құрастырған Зияда Ижанов.

Бұл естелік кітапта есімі әлемге әйгілі, қазақ әдебиетінің  
классигі Мұхтар Өуезовтың жалпы жұртшылыққа мәлім  
сыралғы мінезінен басқа да қыры мен сыры сөз болады.

Естелік дәйекті деректермен шебер жазылған. Ойы  
орамды, тілі бай, суреттермен безендірілген. Автор  
адамгершілікті, имандылықты, ұстамдылықты, еңбек  
сүйгіштікті ту етіп көтерген.

ББК 84 (5Қаз)

Б  $\frac{4702250200}{00(05)-06}$

ISBN 9965-742-77-4

© «Өлке» баспасы, 2006.  
© Д. Байқадамова, 2006.

## Алғы сөз орнына

Данабике Байқадамқызы заманның ала топалаң кезінде “Алаштың белді қайраткері “халық жауы” атанған Байқадам Қаралдиннің қызы, “халық жауы” Арыслан Қожажметовтың зайыбы” деген қарақүйе жағғылып көп теперіш көрген. Өмірдің уын ішіп, ащы зардабын тартқан. Соған мойын ұсынбай қазақ қыздарының арасында алғашқылардың бірі болып, ұлттық стенография мамандығын меңгерген. Мамандығын жетік меңгеруінің арқасында Республикамыздың әдебиеті мен мәдениетінде, лингвистикасының белгілі тұлғалары – Жамбыл Жабаевтың жырларын, Құдайберген Жұбановтың, Ахмет Жұбановтың, Мұхтар Әуезовтың т.б. шығармаларын, Жазушылар одағының республикалық съездері мен пленумдарында, жоғары оқу орындарында өткен пікірталастарға, оқытушылардың дәрістеріне қатысып, стенографиялаған.

Д. Байқадамова тек ауыздан шыққан сөзді қаз-қалтында қағаз бетіне түсіруші хатшының бірі емес, ол артына өлмес мол мұра қалдырған сөз зергерлерінің бірі.

“Жетім қозыдай маңыраған” деп өзі айтқандай бізге белгілі алуан тақырыпта жазылған 500-дей өлеңі мен бірнеше том естелік-әңгімелері оның қаламгерлікте төккен терінің жемісі. Естелік-әңгімелер десек те олар естелік-романның жүзін көтеріп тұр. Естеліктердің негізгі әрқауы да, кейінкерлері де өзімен қызметтес, немесе жақсы қарым-қатынаста болған Ә. Жангелдин, С. Сейфуллин, Құдайберген және Ахмет Жұбановтар, І. Қабылов, І. Омаров, Б. Майлин, Ғ. Мүсірсенов, И. Қарақұлов, М. Ғабдуллин, Е. Смаилов, Т. Жүргенов, А. Қожажметов т.б. мемлекет, қоғам, әдебиет пен мәдениет қайраткерлері, 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтеріліс көтеріліс басшылары Б. Қаралдин, Әбдіғанпаш хан, Амангелді мен Кейкі батырлар, өз замандастары. Сонымен қатар өз көзімен көріп, куә болған саясат пен тіршілік, қам-қарекет арасындағы кереғарлықтан туған ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін, 1941-1945 соғыс жылдарындағы ел басына төнген

ауыртпалықтар мен азаптар, зобалаңдар тақсиретін тартқан замандастарының өмірі, тыныс-тіршілігі, адамгершілік қасиеттері, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтауы, керісінше, санадағы өзгерістерін, екі жүзділік, дарақылық, күйкі тірлік, бейшаралықты ашық баяндаған.

Бұл жағдайлардың жария болатындығын күні бұрын білгендіктен “...Менің әйел кемшілігі, болмаса бұзылған құлық, толып жатқан былықты ешқашан, ешбірі жаза қоймас. Күнәң төгілсін деп жазсам, айыбым бар ма?” – деп ескерткен Данабике.

Заман желінен, ызғарынан ықтамаған Д. Байқадамованың бұл естеліктерінен хабардар жұртшылық оны жариялауды өтінді. Соған байланысты “Мен білетін Әуезов” естелігі “Ана тілі” газетінде бұдан бір-екі жыл бұрын жарияланғанынан жұртшылық хабардар. Оны оқырмандар жылы ықласпен қабылдады, қызығушылығы артып жалғасын беруді, кітап етіп шығаруға ынта-ықлас білдірді. Оқырмандардың талап-тілегін қанағаттандыру мақсатында Д. Байқадамованың естеліктерін көп томдық сериямен шығару жөнінде ниет бар. Соның алғашқы қарлығышы “Мен білетін Әуезов” кітабы.

Бұл кітапта жеке адамдар арасындағы қатынастардан бастап, отбасылық отырыс, қызмет бабындағы кездесулерде байқалатын мінез-құлықтың сан қыры, алуан сәттері – арбаушының арбауынан, сытылдақ өсекшінің гайбатынан, жүз шайысатын сәттерден сақтанудың, дұрдараздықты жайдары жағдайға келтірудің, астамшының мысын басудың, ретті жерінде бұртия қалатын, табан астында тәкаппар мінез көрсетудің, қарсыласын нұшайман күйге түсірудің, басынан сөз асырмай, ебін тауып емеурінмен есесін қайтарудың тәсілдерін оқырман көре алады.

Автордың тілі мен стилі сол күйі сақталды.

Д. Байқадамова мұраларының жарыққа шығуы басталды. Оның тәй-тәй басқан қадамы қолдауға тұрарлық.

Келешекте бұл мұраның тамыры терең жасайылып сәтті кезеңі туары сөзсіз.

Сол кезде Данабике Естеліктеріне ғылыми талдау жасалып, байытты түсінік, лайықты бағасы берілетіндігіне кәміл сенеміз.

Зияда Ижанов.





## Мен білетін Әуезов

Қазақ академиясының Тіл және әдебиет институтының бір жиынында бейтаныс аспирант: “Сіз директордың кабинетіне кіріңізші”, – деп шақырды. Кабинетте адам көп екен. Топ ішінен Мұхтар Омарханович кілт бұрылып, қол бере сөйлеп кеткенінен “шақырған сіз боларсыз” деген ойымды іштей ұққандай бөле:

– Әр жиында жиі кездесеміз, сыртыңнан да жақсы қанықпын. Сізді де солай деп ұғам. “Жүз адамның жүзін танығанша, бір адамның атын біл” деген емес пе, танысып қояйықшы! – деп зор ілтипатпен жіті амандасып, қысылып-қымтырылуға мұрша да бермей, қаумалап үйіріп, баурай тартып алды. – Кейде жалғыз келесіз, үлгіріміңіз қалай? – деп қойған сауалы жанашырдың сөзіндей жанымға жайдары тиді.

– Әрине, жалғыз жазу ауыр, мүмкін сөз де түсіп жататын болар... – дей бергенімде:

– Жо-жоқ, минутына қанша сөз жазасыз дегенім ғой. Биыл қыста КазГУ-де оқитын 20-30 лекция бар. “Абаеведение” жайлы. Соны жаздырсам қалай көрер екенсіз? Сөзбе-сөз түсірсеңіз, әрине абзал ғой. Орыс стенографисткелерінің өздері де “қиналып жазамыз” дейді. Ішінара сөз түсіп қалса да оқа емес, артынан қондыра саламыз ғой, – деді.

– Қағазға түгел түсірсем өзім үшін бір мәртебе, шала шықса сөкпеңіз, алдымен жазып байқайын шамамды.

– Келістік. Ертең бір он бесте, жаңа корпуста. Үйіңізге Ваня барар. Телефонмен қалғанын келісерміз, – деп аптыға сөйлеп, үзіліс кезінде тез пісірді.

Келесі күні уәделі сағатта келген Ваня Калинин көшесімен опера және балет театрының қарсысындағы үш қабат үйдің алдына машинасын кілт тоқтатты. Дембелше жұмыр денесіне тақия тәрізді қаракөл бөркі тым келіскен Мұхаң жіті басып кеп, машинаға отырды. “Ағай, амансыз ба?” – деп суырыла амандасу менің қатарымдағы әйелдердің жасынан қанына сіңбеген әдет болғандықтан: “Әйелдің амандығын ерлер сұрамаушы ма еді?” – деп іштей қорытып, үнсіз отыра бердім.

– Ә, халыңыз қалай? Іске сәт дейміз бе? – деп мені сөйлеткісі келгендей тілекпен сұрақ аралас сөз тастады. Ішімнен: “Әрине”, – деп қойып, тағы отыра бердім.

– Сіз, сірә, менен қысыласыз білем. Білетін кісілер сізді ұяң демеген еді. Былайша, ретімен ашылып, ретімен жауаптасып отырған орынды емес пе? – деп, “аузын бұған өгіздей” бір пәлеге жолықтым ба” дегендей сыңай танытты.

– Басқадан қарыздар болсам да, сөзден борышты болмаспын. Тек ісімнің сотті болуын ойлап отырмын, – дегенімде, қуана жалдырап, көңілді пішінмен:

– Бәсе, солай деп қойыңызшы! Лекция үстінде тым қызып сөйлеп кетпес үшін менің нақ қарсы алдымнан отырыңыз. Анда-санда көз тастап қойып, өзімді тежеп отырайын, – деді.

Мен ішімнен: “Мәссаған! Ә дегеннен көз тастау басталды... “Сені Мұхтар қолқалап шақырып жүр... жұмысқа барарсың-ау, барарсың-ау, ағанның қармағында қаларсың-ау”, – деп өздері шақыра келіп, қорқыта кеткен Ғайнетденнің, Темірғалидың сөздері тұсауыма орала кетті.

Университет есігінің алдына тоқтаған машинаның есігін ашып, ерінбей қолпаштап түсіріп, қаумалай

жүруді әдетке айналдырды. Мұнысына тағы да іштей: “Студенттердің, тіпті мұғалімдердің алдында мұнысы тым ерсі екен...” – деп қысылғаным аз болғандай, машинадан түскен жерде алдынан жол беріп, өзі соңымды ала ергенде Мұхтар сынды халық азаматының алдын орай, жолын кесе жүргенімді баса көктегендей сезініп, аяғым түсалғандай кібіртіктеуші еді. Осындай бір жол үстінде машина ішінде:

– Данаш, сіз машинкаға басуға қалайсыз? Аз уақыттың ішінде сынасқандай болармыз. Сізге: маған машинисткам, стенографисткам, секретарым бол деп, қалағалы келем. Сіз іні, мен аға болайын. Осыған келіссек, басқа жағын көре жатармыз, – деді.

– Әрине, мен де қабырғама кеңесіп көрейін, – деп, ұзын арқау, кең тұсау жауап бердім. Ондағым “іні”, “інім бол” деген сөзінің ұнап кеткендігі еді.

– Жұмыс стажыңызды Жазушылар одағы арқылы реттерміз. Ақша жағын өзім қарастырам. Сіз менің жағдайыма қарасаңыз, мен де сіздің жағдайыңызға қарармын. “Қабырғама кеңесейін” деген сөзіңіз қандай жақсы еді! – деп әзілдегісі келді білем, мен оған жібермей:

– Қабырғасыз адам бола ма, Бақытжандай жалғыз інім бар емес пе? Ол не дер екен, қалай көрер екен? – дегенімде:

– Әрине, ініміз бір талантты жігіт болып өскен іні. Ондай інімен кеңескен келісіп-ақ тұратын іс, әрине, ақылдасқаныңыз жөн, – деді.

Інімен келісуден бұрын “өзіммен өзім” келісіп алуым керек болды. “Өзім” өзіме қарсы шықты. Басты себеп – Мұхтардың ағалығынан гөрі аламдығы, биік қасиетті жанның “көз тастап” деген сөзі үркітіп-ақ тастады. Айып та болса айтуға тура келеді. “Жақын жерден көз тастауға шақырды ма?” – деген сұғанақ ой сыпсыңдай сыбырлап, арамдыққа жорыды. Балаларының тәрбиесі мойнындағы жас ананың ар тазалығы мен тән тазалығы бірлікте болмаған жерде,

қандай тәрбиелі болып өсуі мүмкін? Ішетін ағыңның бетінде қалқыған май болса да үріп ішпейсің бе?.. Басынды өсектен өзің сақтамасаң, Мұхтар сақтай ала ма деп қорытып, лекцияны жазып бітіргеннен кейін іргемді аулақ салдым. Бұл 1947 жылдың күзі мен қысы болатын.

1948 жылдың жазында филология ғылымының кандидаты Құрман арқылы Мұханнан шақырту келді. Шілденің ыстық күнінде пысынап, үшінші қабаттағы үйге алқына кірсем, терезесі солтүстікке қараған сопақшалар кабинетінде әйелі Валентина Николаевнамен диванда қатар отыр екен. Екеуі бірдей орындықтарынан көтеріліп, қол алысып амандасқанынан қысылып қалдым. Бейтанысқа ысқаяқтық, сызданған тәкаппарлыққа тап болам ба деп барған маған, бұл ілтипаттары бірден баурай тартып, бала жастан бірге өскендей жылылықты сездім. Тіпті, “сағынып қалдық” деген сөздері де тілімді күрмеп, бауырымды езіп жібергендей болды. Бірі – аға, бірі – жеңгемдей көрінген жандарға “қандай тілдермен жылылық білдірсем” деп дал болып тұрғанымда, Мұхаң сөзді кенет ресми түрге айналдырып жібергенде “ух” деп демімді бір-ақ алдым.

– Сіз қабырғаңызға кеңесіп, ойыңызбен келісіп болған шығар-ақ, енді қашан жұмысқа кірісеміз деп шақыртып едім. Қазір бір қатты жұмыс үстіндемін. Енді күтетін уақыт та қалмай барады, – деп ширақ сөйлеп, шапшаң жауап күткендей болған соң:

– Әрине, сізге көмектеспегенде... ертеңнен бастап-ақ кірісуге болады. Бірақ сол жұмысыңызға көмектескеннен кейін алдағы күндер жайлы тағы ойласармыз, – дедім.

– Сіз маған кейде ақылдасатын іні, кейде сырласатын дос боларлық іні-қарындас боларсыз деп ем. Сырласар дос, сыр шешер қарындасың болған қандай ғанибет! Мұнсыз өмір қораш көрінер еді. Ендігі жерде сіздің қоятын шартыңыз болса, оны да сұрайын,

ашып айтыңыз. Сіздің ұзын арқау, кең тұсау дегендей жауабыңыз мені де мазалайды... Кедергі не деп білеміз?

— Мұха, әй дейтін әже, қой дейтін қожасыз өскен жанмын. Сізді ренжітіп алам ба деп тайсалам. Басқа тайсаларыма әзірше дәлелім жоқ. Сондықтан онымды айта алмаймын. Сіздің “сырласар дос, сыр ашар қарындас таптым” дегеніңіз мен үшін ең жоғары баға. Сіз — қаласаңыз, біз — жарасақ... — деп күлдім.

— Дәлелі жоқ “тайсалтарыңызды” мен де сұрамаймын. Ал ренжітіп алу екі жақтан да болуы ықтимал ғой. Сондықтан мен де тайсалатын шығармын. Дегенмен, келісіп істеу керек қой. Кілт етпе мінез кімде жоқ дейсіз, мінезсіз адам бола ма? Тіптен мұныңыз да дәлел емес. Сонымен ертеңнен бастап жұмысқа кірісеміз емес пе? — деп тіке маған қарады да, менің бас изесім бәрін шешкендей, — Валя, Валя! Данаш келісті, бізді құттықтауыңызға болады! — деп жас баладай сипаң мінез көрсеткенін әйеліне жағынғандай сезіндім.

Мұханның тұрған үйі төрт бөлме, балалар бөлмесінің есігі кабинетінің бір бүйірінен шығады. Ұйықтайтын бөлме есігі асханаға шығатын. Кабинет терезесі солтүстікке қараған, қаракөленкелеу болып тұратын. Сопақша кабинеттің төр жағының қабырғасы кітап стендтерімен қоршалған. Нақ төрде былғарымен қапталған диван. Бұл бөлмеде екі-ақ қабырға бар. Бір қабырғадан балалар бөлмесінің есігі шықса, қарсы солтүстіктен терезе, ендігі үшінші қабырғадан Мұханның демалатын кушеткасы. Кушетканың аяқ жағына тірей терезенің жарығына қаратқан жазу столы қойылыпты. Сол жазу столына сүйей қойған стол үстінде машинка. Сірә, бұл менің орным болар деп топшылап қойғам.

Ертеңіне жұмысқа келсем, кабинеттегі диван үстінде Валентина Николаевна мен Мұхаң. Мұхаң екі қолын жая диванның арқалығына әйелінің білегін өз білегіне орай асқан. Мұнысын келе жатқан мені көре тұра

арнайы жасалған қылықтай тұрпайы көрдім. Себебі, мен кіріп, амандасып, оларға қарсы отырғанда, қолайсызданып қолдарын тартып та алған жоқ, сол күйі амандық сұрасып отырысты. Аздан соң жеңгей домалана тұрып: “Жұмыстарыңызға кедергі болмайын”, — деп шығып кетті.

Кеше жеңгейдің шарғы бойы, дембелше денесін аңғармасам керек, бүгін топ-толық, шап-шарғы әйелдің ширақ жүрісі, шапшаң-жыбыр сөзі бір биязылық жұмсақтықты аңғартқандай. “Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе” деген қазақтың мақалы қандай орынды. Осы сәтте талай ойлар, талай қызғаныштар үйіріліп сыпсың қақты. “Мұхандай абзал жанның әйелі қандай болуы керек?” — дегенді, бар қазақ сыртынан тон пішіп: “Әрі сұлу, әрі оқымысты, әрі ойлы, әрі ұлды, әрі қазақ болсын”, — демеймісіңдер? Әрине, дейсіңдер. Міне, осы ой оралғанда: “Мына домаланған орыс әйелінен не қасиет тапты екен?” — деген қолағаштай сұрақты бір-ақ қойдым. Онымен қоймай маған қораш көрінген әйелдің білегіне өз білегін орап, мен сияқты қазақ әйеліне: “Міне, көрдің бе? — дегені-ау... жүрісі “сұйық” ағаның мен сияқты жас әйелді жұмысқа алатын болған соң: “Әйелімді осыншалықты жақсы көрем”, — дегендей, болмаса “Әйелінің алдында жасап отырған көзі ме екен?” — деп те ойым шарқ ұрды. Дегенмен, елуге келген ел ағасының жұрт айтқандай “жүріс алғандығы-ау” деп те қорытынды жасауға жуықтадым.

Тағы бірде жұмысқа келсем, Мұхаң ашулы, жеңгейдің екі беті қып-қызыл. Елбелектеп, жыбырлай сөйлеп, Мұхаңның алды-артына түсіп жүр. “Қап, бір қолайсыз семья драмасы болған-ау!” — деп аңғармағандай келдім де машинкаға отыра қалдым. Мұханда үн жоқ, тұнжырап алған. Бір пөле болған ғой сірә, тым қатты ашуланыпты деп ойлап, сезбегендей машинкаға қағаз салдым да “сөйле”

дегендей саусақтарымды клавиша үстінде пианино ойнағандай орғыта секіртіп, қуландым.

Әдетте үнсіз келіп машинкаға отырғанымда, ол кісі кідіріссіз екі сағат сөйлейтін. Кейде: “Бүгін жазып алыңызшы!” — деп қолқалағандай сол жақ қолтығыма қолын сала тұрғызып, өз орнына отырғыза сөйлей жөнелетін. (Мұндай кезең ағаның сол күнгі жұмысына дайындығына байланысты болатын еді.) Бүгінгі қырын аңғара алмай, машинка басында қақшиып қадалып қалдым. Он минут... Он бес минут... өтті. Ашуын басып отыр деп ойлаймын. Бір кезде жасанды жұмсақ дауыспен:

— Сіз, ерлер көйлегін тігетін портниха білесіз бе? Және ақ полотно сатып жатқан жер бар ма екен? — деді.

— Портниханы тауып беруге болады. Бірақ Алматыдан жазда ақ полотно таба қою оңай емес, складпен сөйлеспесе, — деуім мұң екен:

— Мен киетін жазғы бір дюжина көйлек тіктір десем: “Көйлектен көп немең жоқ?” — деп маған ескі көйлектерімді жуып қайта-қайта кигізеді. Мен жаңа көйлек киюім үшін конституцияда жазылуы керек пе? Біресе “ақ жібек таба алмадым”, біресе “менің тіккенімді жактырмадың” деп женгеңіз ашуымды шақырды, — деп өкпесінің түрін айтты. Мұханның балаша өкпелеген ашуына қызығып, ішімнен мәз болдым: “Көйлек! Мұхаңа көйлек!... Осындай алып адамға шүберек те сөз болып па? Мінезі бір қызық екен...”

Сол мезетте жеңгей бір көйлекті өтектеп әкеп, Мұхаң отырған креслоның арқасына жапты. Теріс қарап отырсам да желпіл желінен аңғарын отырмын. Жаңағы нәрсе ұшып жерге жалп етті, ішімнен: “Лақтырып жібердің-ау көйлекті”, — дедім. Көйлекті басып кетпейін дегендей, жеңгей ысырылып, мен жақ бүйірден шыққанда көзінің жасын іркіп, жердегі затқа еңкейді. Сірә, алып шығып кетті білем. Бұл арада мен

қысылдым және әйелдік намысым ойнап шыға келді: “Мен Мұханның әйелі болсам, мына қылығы үшін шаңдағын қағар ем. Жиырма бес жыл өмір еткен әйелінің мысын түсіріп, менің көзімше көйлекті неге лақтырады? Байғұс әйел менен қысылып көз жасын ірікті-ау, қап!” – деп зығырданым қайнап отыр.

Бұрылып Мұхаңа қарасам түк болмағандай қағаздарына үңіліп, көңілдене күлімсірей сөйлей жөнелді. Жазып отырмын. Бір кезде телефон соғылды, трубканы көтеріп: “Қазір. Валя, тебә!” – дей салып, орнына қайта отырды да, сөз желісін үзбей сөйлеп кетті. Жеңгей бес минуттей сөйлесіп, трубканы орнына қоя бергенде:

– Валя, маған шылым алдыршы! – деп, жаңағы көрсеткен оқыс мінезіне бәйек болғандай майпандай өтінді. “Ғажап? Мінезі қандай қызық еді! Жаңа балаша өкпелеп, бұртандай ашуланған адам, міне, ұмытты да кетті!” – деп сынап отырмын.

– Бір бес минут дем алайықшы. Сіз жаңа қандай портниха бар дедіңіз? Ондай еркек көйлегін тігетін портнихамен қалай таныссыз? – деп жоқты әңгімелегендей болды. “Ұмытып кетті” дегенше болмай шықты. “Бәрі ойында отырып, ашуды жеңіп, қалай жұмыс істеп кетті екен?” деп, тағы таңырқадым. “Нем кетті” дегендей, ашуын әбден басайын деп өзімнің жолдас әйелім Сапияны ұсындым. Шынында да Сапия ательде еркектердің көйлегін тігетін жақсы портниха. Жай-жапсарын айтып таныстыра бастадым. “Еріккенге ермек” дегендей, Сапияның түрін, ажарын башақтап сұрай бастады. Сапияның сұлу әйел екенін, татар қызын қазақ жігітінің қалай алып қашқанын, қызғаншақтығын майын тамыза, шектен шықпай, мақтауын жеткізіп отырмын. Сөз арасында: “Мұха, сізден бір тілегім, менің көзімше жеңгейге жаңағыдай мінез көрсетпенізіші, ол кісіге де, маған да ауыр екенін ескеріңізші”, – дедім.

Мұхаң қарқылдай күліп:



— Валя, а, Валя! Зайди, пожалуйста! — деп жанына шақырып алып, — Данаш мені кінәлады сен үшін. “қатты кеттің” деді. Портниха тауып беретін болды. Маған көйлек тіккізіп бересің ғой, иә, солай емес пе? — деп тағы да балаң мінез көрсетіп, жалбарына сұрағандай болды. Әйелі қазір машинамен базар баратынын, сонда ақ чу-шин-ча іздейтінін айтып: “Тағы не әкеп берейін?” — деп тым көңілдендіріп кетті.

Ертеңіне көйлекті де, матаны да, портниханы да ұмытты. Сатып әкелген мата да болмады, оны қайтып еске алған Мұхаң да жоқ.

Бір күні кабинетін кезе диктовка жасап жүріп, ту сыртымнан тоқтағанын сезіп отырмын. Үн жоқ, тұр. “Неғып тұр екен?” — деп аңдып отырмын.

— Сіздің сырғаңыз фабричный емес, сірә жасатқансыз ғой. Мына сырғаның балағына өткізген моншақ меруерт шығар десем, өткерме ғой, сірә? — деді.

— Қайдам, — дей салдым да, ішімнен: “Сырғаға көзі түскені несі екен?” — деп түйіле қалдым.

— Сіздің жауабыңыз тек “қайдам” болғанымен, мен сырға туралы әңгімелегім келіп тұр. Еркектердің жанын әйелдердің түсіне қоюы қиын сияқты көрінгенімен, олардың назарын аударатын кілтті тауып-ақ алады. Сол кілтті тапқан әйел сұлу емес болса да, ерлер жүрегінен орын табады, — деді.

Мен тағы да:

— Қайдам, — дедім.

— Қарап тұрсам, сырғаның формасында да үлкен мән бар екен. Мәселен, сіз шығыршық, болмаса түйме көзді кішкене сырға салсаңыз, нақ мұндай келіспес еді. Мына кішкене құлаққа, жұмыр мойныңызға балақты сырға қонып-ақ тұр. Ал осы балағындағы өткерменің орнына көзі не меруерт, не гауһар болса — екеуі де қылантас әр берер еді. Ал бұдан гөрі мойныңыз ұзынырақ болса, сырғаның қандай формасы қонар еді деп білер едіңіз? — дегені бар емес пе.

Сәл ойланып қалдым. Сөйлем ішіндегі әр жеке сөздерді теріп алып, сарапқа сала бастадым. “Желкемнен қарайды, мойын, құлақ, сырға, форма, еркектерге ұнау, көңілінен орын алу, кілтін табу?!... Ол жетпегендей “өткерме екен... асыл тас болса” сөзінің қисыны неге соғады? Мен ұнағым келеді екен, балақ-қонышымды меруерт-гауһармен аптатады екем... Жок, ағасы! Бұдан да жаманымда тойға барғам!... Сатып алғың келмесе игі еді? Жарайды, сөйлей түссін, ізін аңдиын, сыр тарта жауап берейін”, – деп түйдім де:

– Сырғаның қолдан соғылғаны рас. Сырғаның формасын таңдау еркектердің көңіліне байланысты емес, сырға тағушының қалауына байланысты болар. Ал сырғадағы тастың асыл-жасықтығы – ақшаға байланысты шығар. Өзім жақсы білетін гауһар, маржан, аметис, сапфир, изумруд, рубин тастары болса, мойнымды создырмай-ақ тал бойымнан орын тауып орналастырар едім. Ал кілтін білгіңіз келсе, ол кілт тым әріден басталады. Менің үлкен әкемнің жеті баласы өліпті де, мені туған соң ата байғұс сондай дәріптепті. Сөйтіп, үлкен семьяның барша жаны мені тек сүйюмен өсірді. Осы жасқа келгенше аузымды ашып жанды сүйіп көрген емеспін. Ержеткенде сол асыл жандар мені иіскейтін болды. Бір күні әжеме: “Сүйгендерінді аңсадым, өскен соң жек көре бастадыңдар-ау!” – дедім. “Балам, бәріміз де қыз болып өскенбіз. Қыз бала жапырақ сырға салған күннен бастап бауырлары ауыз ашып сүймес болар. Әкең сырға салғанды ұнатпайды. Бірақ менің сырғамды құлағыннан алдырып тастай алмас”, – деп не үшін сырғасын салғанын ескертті. Сырға салуда да бір мәннің барын, терең сыр жатқанын ұғынғандай болдым. Міне, содан бері сырға балағы сап-салқын боп, құлақ шықшытын шалып өткенде, сол сүйіп өсірген жандар ерін ұшын тигізгендей сезінем. Сондықтан да осы сырға арқылы асыл жандар жанымды жебеп, арымды қорғап тұрғаны айып та

саналмайтын шығар. Тағы бір сыр: жиын-тойларда бұл сырғанын жасайтын әрекетін айтып түсіндіру оңай бола қоймас. Мәселен, топ ішінде әзілдесіп, ойнақы мінез білдіріп, мойынды олай бір, бұлай бір бұрып салып отырғанында бұл сырға селкілдеп күлгендей, қалтырап тоңғандай, аймалап тұрғандай әсер етеді...

— Мә-сс-аған! Мәселе қайда жатыр!.. Антұрған сырғалылар мұндай сырын ашқан емес. Әмсі, ағаңа осылай ашыла сөйлеп, сырыңды ашып жәрдемші болшы, — деді ол.

Бірде:

— Мұха, осы бір сөйлемнен кейін үтір ме, үтірлі нокат па? — деп сұрадым.

— Мен қазақ грамматикасын өтпеген қазақпын, мен тыныс белгілерді орыс сөйлеміне қалай қойылса, солай қоя салам. Бұл жағынан сізден үйренбесем, — деп күлді.

Осы сағаттан бастап қатты ойға қалдым. “Сенген атым сен болсаң...” — деп жүрмесін, қайтсем де басқа емес, тыныс белгілерінің қойылатын орнын білейін деген оймен жүргенде Мұхаң демалысқа Москваға жүріп кетісімен сәті түсе қалды. Казгосиздаттың бас редакторы Ғалым Ахметовтен шақырту қағаз келді. Жұмыс саласы — аудармашылармен екен. Тез келісіп, күніне екі- үш сағат стенографиялап, машинкаларына диктовать етіп тастап кетіп жүрдім. Ғалым Ахметов Н.Ановтың “Ақмешітін”, Мұхтар Жанғалин Макаренконың “Педагогикалық поэмасын”, Тахауи Ахтанов С.Бабаевскийдің “Алтын орден кавалері”, Хайролла Жабасов Ы. Алтынсариннің сексен хатын қыс ортасына дейін аударды да, мен жазып шықтым. Жоғарыдағы аудармашылардың көмегімен, бұл жағын пысықтап алдым.

“Абай жолы” романының бірінші кітабы “Ақын аға” деген атпен 1948 жылдың сентябрінен бастап жазыла бастады. Шығарманы бірінші бастағанда кішігірім пьеса тәрізді машинкаға бірден жоба бастық. Мұның көлемі

бір баспа табақтай болды. Кітап бес бөлімнен: “Абай аға”, “Кек жолында”, “Достық”, “Қазада” және “Қоршауда” деп, пьесаның бес актісіндей бөліп тастап, әр бөлімге қатысы бар персонаждардың аты-жөні, жасы, кейпі, өмірдегі орны тәрізді қысқаша мінездемесі берілді. Персонаждар: жағымды, жағымсыз деп екі тізімге тіркелді.

Бұл жоспарды жасап жатқанда: “Тегінде пьеса жазатын шығармыз”, — деп қалдым. Әйелдердің кейпі мен қылығына мінездеме берген тұста кейбірінің мінездемесі жазылмай қалғандары да болды. Бұл тұста: “Драмтеатрдың әртістерінің қайсысына қай рольді беру керектігін ойластырғысы келді-ау”, — деп түйдім.

Бұл жоспар бірден ойдан шығарып айтылмай, бір жапырақ блокнот қағазына араб әрпімен жазылған ой түйінділерінен жиыстырып айтып отырғанда көп толғанып, терең тебіреніп жасалған жоспар екені көрініп-ақ тұрды.

Ертеңгі астан, түскі үзілістен басқа жерде екі мезет қымыз ішті де қалған уақыт тынбай жұмыс үстінде болды. Бірде бөгде сөз сөйленбей, келіп қалған қабағат ой желісі үзіліп, ойыс қала ма дегендей ширақ кірісіп, ширатыла жұмыс істелді. Сонымен, кешкі тоғызда жоспар дайын болды. Мұхаң біраз басын сипап ауырсынып отырды да, орнынан тұрып менің қолымды алды:

— “Тойдың болғанынан боладысы қызық” дегендей, шығарманы жазудан, бастау қиын. Енді сіз бен біз “Абай ағаның” ақыл-парасаты толысқан кездегі ортасын жазуға кірісеміз, — деп масаттана сөйледі. Бұл сәтте тіпті, жұмыс істемеген адамдай желпіне сөйлен, — Енді екі-үш күн дем ала тұрамыз, — деді.

— Онда, романды сәрсенбі — сәтті күні басталық, — десем де, Мұхаң дүйсенбі күні телефон соғып:

— Ертең сағат онға келіңіз. “Іске сәт” деп романды бастаймыз, — деді.

Айтқан сағатына жұмысқа келсем, Мұхаң кабинетін

үнсіз кезіп жүр екен. “Ойын бөлмейін” деп, ақырын ғана машинкаға отырдым. Аmandықтан кейін:

– Стенографияласаңыз қалай шығар еді? Бұрын машинкаға дағдыланғам, романды стенографиялатып көргем жоқ. Он бір отызда ученый совет екен, шақырып қалғаны, — деп сәтті сағатын бұзған көлденең жұмысқа реніш білдіргендей, әрі кешірім өтінгендей қынжыла сөйледі.

Сонымен “Абай аға” бөлімінің бірінші тарау кіріспесін бейне бір конспектіден лекция оқып, немесе жазып алған текстен оқып тұрғандай сайрап ала жөнелді. Бір сағаттан артық уақыт лекция тәрізді сөйлеп тұрып:

– Қалай шығып жатыр? Үлгіріп отырсыз ба? — деп қойып, бөгелмей сөйлеп тұр. Бұл сөйлемінде менің жайыма қарап тұрған Мұхаң аңғарылмады. Мен де қызыға аузымды ашып қалыппын. Көйлекшең жүрген кісі пиджагын кие бастағанда сенбей қолына қарап, о жақ, бұ жағына көз жүгіртіп: “Жазып алған конспектісі бар шығар”, — деп іздестіре бастадым. Жоқ, қолынан ешнәрсе аңғарылмады. Стол үстіне көз жүгірттім, менің бірдене іздестіргенімді сезгендей:

– Сізге бірдеңе керек пе еді, — дей бергенде:

– Конспектіңіз болса салыстыра... — дегенімше:

– Конспектім — басымда ғой. Жиырма жыл басыма сақтаған, миымда жазылған “Абайым” ғой. Сіз тек жазып үлгіріңіз! — деп жайрандай, масаттанып, асыға киініп академияға кетіп қалды. Академиядан оралғанша бітіріп қояйын деп, мен де асыға басып жатырмын.

Кабинетке кіре берістегі кішкене столшаның үстіндегі қара телефон зыр қақты. Тыңдасам, Мұхаң:

– Тағы ойлағанымдай болмады, ертерек босай алатын емеспін. Сағат үшке “Социалистік Қазақстан” редакциясы адам жібереді. Жаңағы жазғаныңызды бір оқып шығып, редакцияның адамына беріп жіберіңіз, — деді.

– Газетке басатын болған ба? Өзіңіз оқымай қалай

жіберем және бір-ақ дана етіп басқам сізге, қарағаннан кейін көшіретін шығармын десем...

— Өзіңіз қадағалап оқып шығыңыз да, келген адамға “оригиналын ертең әкеліп бер” деп тапсырыңыз, — деді.

Аса сенім көрсеткенін қуаныш көрсем де, қарамай газетке бере салғаны үрей тугызды. Қарсыласуға шара бар ма? Қаралмаған күйінде 16 бет романның кіріспе беттері газетке ертеңіне басылды да шықты.

Роман жазуда әркімнің өз стилі болатын да шығар. Оны шығарма жазбаған адам қайдан білсін. Романның бір баспа табағын бір сағатта шығарып отыратын болсақ, 500 бет роман беттерін бір айда-ақ шығарамыз екен ғой деп таңдандым. Бәрінен бір тамашасы — ауызша айтқан сөйлемдерін машинкадан өткеннен кейін пәлендей өңдемейді екен. Осы сәтте 1935 жылы профессор Құдайберген Жұбановтың “Қазақ грамматикасын” жазғаны, оны өзімнің басқаным есіме түсті. Ол кісі де кітабын стенографиялатқан болатын. Құдайберген де тамаша ардагер жанның бірі еді, аға тұтып, қатты сыйлаған қазағымның бірі, абзал жан “Каменское Платода” Наркомпростың тапсырмасы бойынша екі ай диктовка жасаған-ды. Күндіз мен алатынымын да, кешкісін аға қарап шығатын. Қарап шыққан беттерін қайта көшіруге алғанда кесіп, құрап, желімдеп, ықшамдап, жаңа сөйлемдер қосып, мысалдарын өзгертіп қоятын. Әрине, ол грамматика ғой, солай жазылуы да тән-ді. Себебі, сөйлем жеңілін, қолайлысын талғап алуы да орынды шығар. Балаларға түсінікті тіл табу үстінде ізденіс арқылы өзгертілген сөйлемдер, мысалдар ғалымның талғампаздығын, ізденгіштігін көрсетсе керек. Бірақ, өзімнің балаңдау кезім ғой, мұндай кір-кір, құранды беттерді көшіріп жатып:

— Аға, немене, мұншама кірлетіп жамап қойғаныңыз, — деп бұлқына сөйлейтінмін. Ағай мәз болып күлуші еді.

Осы бір оқиға ойға оралғанда, өзіме өзім қанағаттанғандай да болдым: “Тіпті, өзім де қара жаяу емеспін, он тоғыз жасымда бір ғалымның кітабын жазыссам, міне, енді Бальзактың қадірлер жасында – екінші дарынды жазушының романын жазып отырмын. Бұл да мен үшін бақыт шығар, бақыт болмаған күнде – мектеп екеніне кімнің дауы бар?” – деген тоқмейіл ой кеудемді керіп кетті.

Сентябрь айының соңғы күндерінде Мұхаң маған:

– Жұмыс уақытыңыз күндізгі оннан түскі екіге дейін. Кешкі мезгілде творчестволық жұмыспен айналыспаймын, оқитын толып жатқан материалдар бар: жастардың шығармалары, туысқан республика жазушыларының жаңа шығармаларымен танысуым керек. Ертеңгі жұмысты неден бастау керек дегендерді ойлану керек. Осы төрт сағатты маған бөлсеңіз болады, жұмыс істесек те, істемесек те. Менің уақыт кестемде қатаң әскери тәртіп бар, соны ескеріңіз. Біз дос, жақын жолдас болдық. Менен әсте қысылмаңыз, ашыла сөйлесіп, көргеніңізді, естігеніңізді айтып отырыңыз, әр жылдың октябрь, ноябрь айлары демалысым. Енді бірер күнде жүрем. Жолға шығарда жақын жолдас, дос адамдар саушылығымды тілеп, шығарып салып тұрады. Келерімде жиналып, қарсы алады. Сол жиынның ішінен сізді көретін болайын. Көргені былай тұрсын, жұрттан бұрын сіздің келуіңіз орынды. Бұл – шақырғаным. Досыңыз болса, бірге ерте келіңіз.

Сапарыңның оңын тілеуді қазақ “тоқым қағар” десе керек. “Тоқым қағарға” жиырма, жиырма бес адам жиналады екен. Мұхаңның “жұмысымда әскери тәртіп бар” дегені осы “тоқым қағар” үстінде есіме түсті. Қонақ күтуде де сол тәртіп бар ма деп қалдым. Олай дейтінім: қонақтар стол басына отырғанда не керектің бәрі рет-ретімен стол үстіне қойылып, рет-ретімен табылады екен. Әлдеқандай жеңгей стол басынан тұрып бір қасық, не айырша ұмыт қалды деген әңгіме болмақ емес. Әдетте 20-30 адам шақырып, той-томалақ

өткізсек абыр-сабыр, кіріп-шығу, даурығып боламыз ғой. Валя жеңгей қонағын үлкен бір байсалдылықпен, өте шебер күту әдісіне көнігіп алған адам. Стол үстіне екінші кезекте қойылатын ыстық асы – ет. Еті тураулы, наны жаюлы, тек салуын күтіп тұрады. Жайбарақат, тыныштық, береке нышанын көргенде, жеңгеме көңілім толып, тіпті қонақ күтуші үй қожасы емес, қонақпен бірге демалғалы отырған жеңгей Мұханның оң қолын ала отырған сабыр иесі. Келген меймандар үйдің төрі-төмені дегенді білмейді. Кім бұрын келсе – сол төрде отырады, тәртіп осылай екен.

Осындай бір шығарып салу, қарсы алуда қызық жағдай болды. Жұрттан бұрын келіп қалыппын. Менен бұрынырақ келген Усанович әйелімен Мұханның сол жақ қолын ала отырыпты. Мен кіргенде Мұхаң: “Былай шығыңыз!” – деп, Усановичтен жоғары орынды көрсетті. Менен кейін келген Ғабиден, Әбділдә, Әлжаппарлар, Мұхтарлар, тіпті Ғайша апай мен Ғұмар ағайлар да төменнен, кіре беріс беткейден қарсы отыра қалысты. Бәрінен төргері қалғаныма қысылып: “Бұдан былай кешігіп, кейінірек келермін-ау”, – деп отырмын.

Осы отырыста кесілген нанды шымшып алатын “кемпірауызды” көзімен іздеп қалғанын аңғарған жеңгей, әкеп берейін деп қозғалақтап көтеріле бергенде, Мұхаң ақырын ғана білегінен басып отырғызды. Мен лып етіп, дөңгелек столдың сыртын тез айналып әкеп жеңгейдің алдына қойдым.

Шайға үзіліс жасалғанда, әйелдер бұрыштағы стол үстіндегі тағамдарды дастарқанға орналастырып жаттық. Жеңгей сыбырлай сөйлеп:

– Мұхтар стол үстінде болмай қалған “кемпірауыз” үшін біраз реніш білдіретін болды. Стол үстінде бір зат ұмытылып, жетпей қалса көтере алмайды. Көрерсіз, “сіз неге әкелесіз” деп, маған: “қонақ күткенің бүгін бе” деп даттайды әлі, – деді.

Жетпіс күннен аса жол жүріп келген Мұхаң алдымен жамағатымен шүйіркелесіп дидарласса, бұл күндер не